

## БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

## Балапан арнасындағы отандық мультфильмдердің тәрбиелік мәні

ЖАРИЯЛАНДЫ  
14.05.2020СІЛТЕМЕ  
<https://bilimger.kz/74086/>

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ  
ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫ

Мектебі: Хамза атындағы №42жалпы білім беретін орта мектебі

Авторы: Момынова Анара Азизбековна

Сыныбы:2 «Ж» оқушысы

Бағыты:Шығармашылық бағыт

Тақырыбы: «Балапан арнасындағы отандық  
мультфильмдердің тәрбиелік мәні»

Жетекші:Бүркітбаева Гүлсім Қауышқызы

қазақ тілі мен әдебиеті пән мұғалімі

Ғылыми кеңесші: Аймақтық әлеуметтік-инновациялық университеттің

Ф.ғ.к; профессор Балқыбекова Ынтық

2019 жыл

**“Балапан арнасындағы отандық мультфильмдердің тәрбиелік мәні ”**

**Ғылыми жоба**

### **Мазмұны:**

**Кіріспе** .....

1. «Балапан» арнасы –отандық балаларға арналған тұңғыш арна.
2. Әмен Қайдар-қазақтың тұңғыш мультфильмін түсірген.

**II. Негізгі бөлім**.....

А. Қазіргі замандығы мультфильмдер қандай? Олардың ерекшелігі неде, жағымды және жағымсыз жақтары?

Ә. «Балапан» арнасында көрсетіліп жүрген шетелдік мультфильмдер керек пе?

Б. Отандық мультфильмдердің пайдасы қандай ?

### III. Қорытынды бөлім

### IV. Қолданылған әдебиеттер тізімі .....

### Қосымша .....

**Жұмыстың өзектілігі:** Отандық жас бүлдіршіндерге арналған балапан арнасының пайда болуы барлығымызды қуантқаны рас. Дегенмен, арнаның балаларға берер тәрбиесін арнаның барлық көрсетілімдерінен қарап саралауға болады. Әрине, арнамыз қызыққа толы, пайдалы бағдарламаларыда жеткілікті. Мен өз жұмысымда осы арнадағы көрсетіліп келген мультфильмдердің пайдасы мен зияның көрсетуге тырыстым.

**Жұмыстың мақсаты:** Мультфильмнің біздің өмірімізде алатын орнын достарыма түсіндіру. Оның пайдасы мен зиянын көрсетуге тырысу. Отандық мультфильмдерді көруге шақыру.

#### **Жұмыстың міндеттері:**

- Әлем мультфильмдеріне шолу жасау, олардың мазмұны мен беретін тәрбиесіне назар аудару. Тұжырымдар жасау.

**Зерттеудің болжамы мен кезеңдері:** Ғылыми жобам кіріспеден, негізгі бөлім 2 тараудан , қорытынды бөлім және пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады.

**Нәтижесі, Балапан теле арнасындағы отандық мультфильмдердің тәрбиелік мәнін айқындау**

### **Аннотация**

Біз қазір техникалық дамыған заманда өмір сүрудеміз. Өзімізге арналған “Балапан ” арнасы бар. Сол арнада балаларға арналған түрлі мультфильмдер жетерлік. Олар шетелдік, отандық болып тағы бөлінеді. Міне, менің жұмысымның мазмұны осы мультфильмдердің мазмұнын және балаларға деген олардың пайдасы мен зиянын зерттеу. Шетелдік мультфильмдер мен отандық мультфильмдердің айырмашылықтары мен ерекшеліктерін көрсету. Әсем сюжеттерден, қиялға ерік беріп, әдемі дауыстардан, әуендерден құралған анимациялық мультфильмдердің біздің өмірімізге берер әсері мол. Мультфильмдерді тамашалай отырып, өзімізді кейіпкерге ұқсатып

жағымды, жағымсыз жақтары ашып айту.

*Зерттеу жұмысының ғылыми болжамы:* Егер, отандық мультфильмдерді көретін болса, рухани құндылықтарды бағалай білетін, ұлттық және патриоттық санасы жоғары тұлға қалыптасады.

*Зерттеудің жаңалығы мен дербестік нәтижесі:* Отандық және шетелдік мультфильмдерді көру барысында қоғамдық, тәрбиелік, адамгершілік көзқарастарға талдау жасалынды. Мультфильмдердің тәрбиелік мәселелердің мақсаттарымен айқындалды

*Жұмыстың орындау әдісі:* Шетелдік және отандық мультфильмдермен танысу, жинақтау, қорыту, жүйелеу және салыстыру, іріктеу, тұжырымдау

Мы живем в технически продвинутом мире. У нас есть канал «Балапан». На этом канале много детских мультфильмов. Они делятся на иностранные, отечественные. Содержание работы: изучение содержания этих мультфильмов и их пользы для детей, показать различия и отличия между зарубежными и отечественными мультфильмами. От воображения, мультипликации, созданной из красивых голосов и мюзиклов, она оказывает огромное влияние на нашу жизнь. Смотря в мультфильмы, мы можем описать себя как персонажа, раскрывающего положительные и отрицательные стороны.

Научный прогноз исследования:

Если смотреть отечественные мультфильмы, сформулируется человек с национальным и патриотическим сознанием, который умеет оценить духовные ценности.

Новости и независимость исследования:

При просмотре отечественных и зарубежных мультфильмов был проведен анализ социальных, образовательных и гуманитарных подходов. Мультфильм определен в целях образовательных проблем.

Как сделать работу:

Ознакомление, накопление, усвоение, систематизация и сравнение зарубежных и отечественных мультфильмов, отбор, оформление.

We live in a technically advanced world. We have a channel "Balapan" for ourselves. On this channel a lot of children's cartoons. They are divided into foreign, domestic. Here is

the content of my work: studying the content of these cartoons and their benefits for children, showing the differences and specific feature between foreign and domestic cartoons. From imagination, animation, created from beautiful voices and musicals, it has a huge impact on our lives. Looking at cartoons, we can describe ourselves as a character that reveals the positive and negative sides.

Scientific research forecast:

If by watching domestic cartoons, formulated a person with a national and patriotic consciousness who is able to appreciate spiritual values.

News and independent research:

When viewing domestic and foreign cartoons, an analysis of social, educational and humanitarian approaches was analyzed. The cartoons is defined for educational purposes.

The method of doing research:

Acquaintance, accumulation, assimilation, systematization, comparison, selection and design of foreign and domestic cartoons.

## I Kіpіcne

- Біз қазір техникалық дамыған заманда өмір сүрудеміз. “ОТАУ” -TV спутникалық телеарнасында өзімізге арналған арнайы “Балапан ” арнасы бар. Осы арнада болатын мультфильмдерді жатқа білетінімізге сенімдімін. Бірақ олардың пайдасы мен зияны жайында ойланбаймыз. Мән-мағынасына үніле бермейміз. Ал олардың біздің психологиямызға әсер ететіні сөзсіз.

Әсем сюжеттерден, қиялға ерік берілген сюжеттерден әдемі дауыстардан, әуендерден құралған анимациялық мультфильмдердің біздің өмірімізге берер әсері екі түрлі. Мультфильмдерді тамашалай отырып, өзіміздің сүйікті кейіпкерлерімізге ұқсап, жағымды, жағымсыз қылықтарын қайталауға тырысамыз. Сондықтанда мен осы жұмысымда мультфильмдердің біздің өмірімізде алатын орнымен оның пайдасы мен зиянына тоқталғым келеді.

Мультфильмдерді пайдалана отырып, көп елдер бала тәрбиесіне ерекше көңіл бөледі. Яғни, анимациялық кино арқылы балаларға белгілі бір ойды жеткізеді Әр ел бұл әдісті әртүрлі мақсатта қолданады. Мысалы, АҚШ-та жаратылыстану пәндерінің негіздерін оқытуды дәріптейтіні байқалса, Жапония анимация арқылы балаға өздерінің мәдениеті мен салт-дәстүрін үйретеді. Бала тәрбиесін мультипликация арқылы үйретуде Қытай көш бастап тұр. Қытайда, тіпті, шет елдің мультиктарын көруге тыйым салынған екен. Олардың ойынша, әр ел жас балаларды тәрбиелеуде өздерінің ұлттық идеологиялырын дәріптей отырып, балаға тәрбиелік мәні зор құнды туынды жасауы керек. Қытайдың ұстанып отырған бұл әдісі, әрине, үлгі аларлықтай. Өйткені, біздің қаракөз бүлдіршіндеріміз, бүгінгі таңда, көбінесе шет елдің мультипликациялық туындыларымен сусындауда. Яғни, жас балаларымыз қазақтың емес, шет елдің мәдениеті мен, салт-санасын көріп өсіп келеді. Ол, әрине, біз үшін үлкен мәселе болатындай жайт.

Балаларды жастайынын отансүйгіштікке, достық пен адалдыққа, адамгершілік іспеттес асыл қасиеттерге үйрететін, балаға өз елінің тарихы мен ұлттық құндылықтарын дәріптейтіндей жақсы анимациялық фильмдер көптеп жасалып тұрса, нұр үстіне нұр болар еді. Қазақ мультипликациясы жайлы сөз қозғасақ, 1967 жылы жарыққа шыққан Әмен Қайдаровтың «Қарлығаштың құйрығы неге айыр?» мультфильмі бірден еске түседі.

## Әмен Қайдар

### Қазақтың тұңғыш мультфильмін түсірген.

Қ Р еңбек сіңірген өнер қайраткері Әмен Қайдар атамыз Мәскеу қаласындағы бүкілодақтық мемлекеттік кино саласындағы институтын үздік бітіріп шыққан соң, мультфильм шығаруға кіріскен.

Алғашқы “Қарлығаштың құйрығы неге айыр ” мультфильмін түсіруге бес адам қатысады. Аз уақыттан кейін кейіпкерлер бейнелері салынады. Музыкасы белгілі сазгер Нұрғиса Тілендиевке тапсырылады. Бұл мультфильм домбыра әуенімен әрленеді. Ұзақтығы 10 минутқа жететін бұлт мультфильм жасауға бір жарым жыл уақыт кетеді. Ол шетелге ұсынылып, 48 елдің экранынан көрсетілген екен. Алайда, бұл мультфильмді қазіргі жас бүлдіршіндеріміз көрмейтіні өкінішті-ақ.

Осыдан бірнеше жл бұрын қазақ мультипликациясы тарихындағы тұңғыш ұлттық толықметражды «**Ер Төстік және Айдаһар**» атты анимациялық фильмі 3D форматында жарыққа шықты. Еліміздің барлық кинотеатрларында көрсетілген бұл фильм көрермен көңілін баурай білді. Бұған, әрине, қуанамыз. Дегенмен, шығарылып жатқан ұлттық анимациялық фильмдеріміз әлі де аз. Мәселен, балаларға арналған «Балапан» арнасы жұмыс істейді. Мұндай арнаның ашылғаны ата-анаға да, бүлдіршінге де қолайлы. Еліміздегі мультипликациялық кино жасайтын студияларда жасалған өнімдерді көрсеткенімен, мультфильмдердің жартысы, шет елден аударылып алынған фильмдер. Бұл, әрине, өкінішті-ақ. Өйткені, арнаны тамашалайтын бүлдіршіндеріміз көп

Балапан арнасындағы, «Ырысы Ақ Қазақстан» анимациялық студиясы шығаратын «Айжұлдыз» бағдарламасының сценаристі Әбсаттар Әділ мырзанын айтуы бойынша, оларға хат жолдаушылардың ішінде тек қазақтың емес, Монғолия, Қытай, Қырғыстан мемлекеттеріндегі қазақтың қара домалақтары да бар екен. Осыған қарап, бұл арнамаен еліміздің ғана емес, өзге елдердегі бүлдіршіндеріміздің де тәрбиеленетінін байқаймыз. Сондықтан, шет елден алынған арзан мультфильмдерді азайтса нұр үстіне нұр болар еді. Өйткені, бұл таңертеңнен кешке дейінгі бос уақытын көгілдір экран алдында өткізетін баланың жүйкесі мен мінез-құлқына кері әсері болатынын көпшілік түсіне де, біле де бермейді. Ал, бала тәрбиесінде мұндай олқылықтарды жібермес үшін, әрине, қазақ мультипликациясын жан-жақты дамыту үлкен рөл атқарады.

## II Негізгі бөлім

Балалық шақ – адамның өміріндегі ең қызықты кезең. Онымен не байланысты? Әрине, мультфильмдер! Қазіргі замандығы мультфильмдер қандай? Олардың ерекшелігі неде, жағымды және жағымсыз жақтары? Оларды шексіз көре беруге болама?

**Мультфильм** – өсіп келе жатқан жас ұрпақ тәрбиесінде аса қажет құралдардың бірі.

Мойындау керек, тілі былдырлап, енді ғана қылық шығарып келе жатқан бүлдіршін күнұзаққа көкжәшікке телміріп, сансыз мультфильмнен көз алмайды. Әйткенмен, сан түрлі мультфильмдердің пайдасынан гөрі зияны көп екен.

Біздерге, жастарға қатысты сөз қозғала қалса «өскелең ұрпақ жігерсіз, намыссыз, ұлтжандылықтан жұрдай» деп кінә артады. Бірақ оның себеп-салдарына мән бермейді. Себебі батыстың былапыт дүниесі бізге, жастарға тәрбие құралы болып отырған жайы бар. Өзіміз білетін мультфильмдердің бірқатар кемшіліктерін санамалап көрелік...

Біріншіден, ондағы жағымды кейіпкерлердің өзі басқа кейіпкерлерді өлтіріп, қылмыс жасайды. Зұлымдыққа барады. Қан суша ағады. Баланың осыдан барып сол кейіпкерге ұқсағысы келіп, қатыгездікке бармасына кім кепіл? Мамандардың айтуынша, мұндай мультфильмдер баланың психологиясына кері әсерін тигізеді.

Екіншіден, қаншама зұлымдық, қатыгездік жасап жатса да ондағы кейіпкерлер жазаланбайды. Ондағы кейіпкерлер ата-анаға деген құрметті де білмейді. Жақсы мен жаманның ара жігін ажыратып бермейді. Бұдан бала санасында «дәл сондай жасасам мені де ешкім жазаламайды» деген ой қалыптасары анық.

Үшіншіден, мультфильмдердегі қуыршақтардың сыртқы көрінісі де балалар үшін аса маңызды. Бірақ шетелдік туындыларда жағымды кейіпкерлерге тән жылылық, мейірімділік кездесе бермейді. Ал жағымсыз кейіпкерлер іс-әрекетіне қарай түр-әлпеті де сүйкімсіз болуы тиіс. Бірақ ол шығармалардан ондайды ажыратудың өзі қиын. Өйткені ондағылардың бәрі дерлік – құбыжықтар.

Төртіншіден, телеарналардан көрсетіліп жатқан мультфильмдерде ері қайсы, әйелі қайсы ажыратып болмайсың. Ол туындылардағы ер адамдар бойынан жігітке тән намысшылдықты, қайсарлықты көру қиын. Ал қыздары нәзіктіктен жұрдай.

Бесіншіден, ондағы сөздердің өзінде мәдениеттілік көрінбейді. Кейбір анимациялық фильмдерде кейіпкерлер аузынан небір былапыт сөздердің шығатындығы да шындық. Бұл әлі қалыптасып үлгермеген бала үшін қандай тәрбие болмақ

Қазіргі кезде заман талабына сай бірнеше анимациялық мультфильмдер түсірілуде. Олардың бұрынғы кезінде жасалған мультфильмдермен салыстырар болсақ, арасындағы айырмашылықтар, ерекшеліктер көптеп кездеседі. Себебі бұрынғы кезде суретшілер өздерінің қолдан шығарған ерекше туындылары балалардың ойы жақсы өрбіп, жақсы тәрбие алуына өз септігін тигізеді. Ал заманауи мультфильмдердің жас балалардың жақсы өсіп жетілуіне әсері аз. Психологиялық жағынан қарасақ қазіргі заман мультфильмдері балаларды жауыздыққа, ақылсыздыққа әкеледі. Әсіресе штелдік мультфильмдер, ХХІ ғасырдың жаңа мультфильмдері «Бэтмен», «Супермен», «Өрмекші адам» қарайтын болсақ қылмыскерлердің адамдарға жасаған жауыздықтарын көре аламыз Осы орайда «Балапан» арнасында көрсетіліп келген мультфильмдердің тәрбиелік мәніне тоқталып өтейін.

### **«Балапан» арнасында көрсетіліп жүрген шетелдік**

#### **Мультфильмдерге тоқталып кетейін.**

#### **“Дарамен оның достары”**

Бұл мультфильмнің пайдасы зор. Себебі , қазіргі заман талабына сай ағылшын тілін меңгеруге мүмкіндік туғызады. Сонымен қатар қамқорлық, жақсылық жасау сияқты қасиеттерге тартады. Достыққа берік болуға тәрбиелейді. Мен осы мультфильмді ерекше ықыласпен көремін.

#### **“Питер пэн”**

- Бұл мультфильмде кеіпкерлер бірде дос , бірде қас болып жүреді. Капитан айқайлап үнемі дөрекілік көрсетеді. Осыған қарап балалар бір – бірін алдауды, сатып кетуді үйреніп алады.

#### **“Тобот”, “Мен және менің роботым” ,“Робот көлік Поли”**

- Бұларды көрген балалардың атыс-шабысқа , төбелеске деген құмарлығы артады.

- Аяушылық, қайырымдылық, қамқорлық сияқты қасиеттерді ұмытады.
- Кейіпкерлерге еліктеп биік жардан , төсек үстінен, терезеден, қораның төбесінен секіріп , өздеріне зақым келтіріп алуы мүкін емес пе?
- Өзінен кішіге , әлсізге күш көрсетіп, батырсынып қорғаймын деп еліктеушілік қасиеттерін көрсетуі мүмкін.
- Түстерінде ертегі кейіпкерлерін көріп, шошып оянатын балаларда кездеседі.

6

### **Мияның ертегі әлемі**

Қазіргі таңда “Балапан” арнасының 1 номерлі мультфильмі десем болады. Себебі менің өзім өте жоғары қызығушылықпен қараймын. Мияға ұқсап ертегілер әлеміне баруды армандаймын. Түрлі оқиғаларды басымнан кешкім келеді. Қолыма білезік тағып, мені көмекке шақырып жатыр деп жүгіретін кездерімде болады. Ондай жайт менің құрбыларымда да кездеседі. Мағынасына келсем, жақсылық пен жамандық, қара мен ақ арасындағы күрес беріледі

Міне, біздің “Балапан ” арнамызда осындай шетелдік анимациядан көз ашпаймыз.

Тіпті осы Торғайдағы сауда үйінде де осындай шетелдік мультфильмдер кейіпкерлерінің нұсқасымен берілген ойыншықтар мен жапсырмаларын қызығушылықпен аламыз. Осы мультфильмдердің жақсы жарнамасының арқасында өз елін ғана емес, барлық елдерді , сонымен қатар Қазақстанды да жаулап алуда. Ал біздің бұдан ізгілікті тәрбие алмайтынымыз анық. Осы мультфильмдердің мазмұны мен мағынасы дұрыс қойылмағанымен , біздің арнадан бірнеше қайталанып көрсетіліп беріледі. Оның орнына неге қазақ мультфильмдерін көбірек қайталап көрсетпеске деп ойлаймын.

Отандық мультфильмдердің пайдасы қандай ?

### **“Сиқырлы кітаптар”**

- Бұл мультфильмде отандық туынды. Зәуреш апай және Сардар мен Сағдат деген екі баланың қызықты оқиғалары беріледі. Бір нұсқасында олар ертегілер әлеміндегі келеңсіз жайттарды орнына келтіру үшін сиқырлы кітапқа кіріп кетеді. Барлық қиындықтарға төтеп беріп, мақсаттарына жетеді.

Кейін қайта оралады. Мән-мағынасы жақсы жасалған . Ақын-жазушылар туралы айта отырып, шығармаларын сақтап қалуға көмектеседі. Берер тәрбиесі мол. Бірақ шетелдік мультфильмдерден уақыты жағынан қысқа.

### **Сәлем Астана**

- Бұл мультфильмде Бас қаламыз Астанаға ЕХРО-2017 сайысына ерекше көлік Дүлдiл қатысуға барады. Басқа да шетелдерден түрлі көліктер келеді. Астанаға жеткенше басынан түрлі оқиғаларды кешеді. Соңында Астанаға жетіп, ол ұшатын, суда жүзетін ерекшелігімен Қазақстандық көлік Дүлдүл жеңімпаз атанады. Бұл мультфильмде еліміздің өркендегені. ЕХРО-2017 –нің болатыны жайында беріледі. Артық мағынасыз қылықтар жоқ. Пайдасы зор.

7

### **“Алдар көсе” мультфильмі**

- Біз Алдар көсе анимациялық мультфильмін тамашалаймыз. Ол қазақ туындысы. Бұл қуантарлық жайт. Бірақта оның аңызда айтылған Алдардан айырмашылығы жермен көктей. Себебі, ол Алдардың бейнесі парасатты, қу да болса, елдің қамын ойлайтын қарапайым халық үшін көмегін аямайтын адам еді. Бұл мультфильмдегі Алдар сайқымазақ клоун сияқты, қазіргі заманның нағыз алаяғы берілген. Сәби санасына да бұның кері әсері бар. Себебі халық аңызында көнеден мұра болып келе жатқан туынды өз мазмұнын жоғалтты.

### **“Әли мен Айя”**

- Қазақстанның анимациялық мультфильмдерінің бірі. Басқалардан ерекшеленеді , көп сериалды. Мазмұны терең. Қаладан ауылдағы ата-әжесіне келген немерелері Әли мен Айя жайында . Олар ерке. Бұл мультфильмде қазақтың киіз үйін көруге болады. Қарапайым қазақтың ата- әжесі . Немерелеріне қамқоршы, еркелігін көтере отырып, адамгершілікке тәрбелейді. Ата-әжелер мен немерелер арасындағы ерекше сезім байқалады. Балаларға ата-әжелерін сыйлауға тәрбелейді. Жақсы мен жаманды айыруға баулитын мульттик.

«**Айдар батыр**» отандық анимациялық мультфильмдердің бірі. Ерлікке, батылдыққа, шыншылдық, әділдікке баулу. Тарихи оқиғалармен ұштасып, жақсы мен жаман арасындағы күресті көрсете отырып, жақсылық үнемі жеңіске жететінің көрсету.

Демек, бұдан шығатын қорытынды, отандық анимациялық мультфильмдер ұлттық құндылықтарымызды, салт-дәстүрлерімізді, тарихымызды насихаттап, жас баланың санасына сіңіретін бірден-бір құрал. Бізге отандық мультфильмдер керек. Арнамыздан шетелдік мультфильмдерді алып тастау қажет. Мен өз елім Қазақстанның болашағын осы мультфильмдерден көргім келеді.

8

#### 1. Қорытынды. Зерттеу барысындағы ұсыныстар.

Біздің ел де Ресей сияқты ұлттық құндылықтарды баланың санасына сіңіре отырып, тарихтағы батырларымыз бен хандарымыз жайлы танымдық, құнды туындылыр жасауға жете көңіл бөлсе, мүмкін қазақ мультипликациясы да өркендеп, шет елден қалыспасқа кім кепіл? Алайда біздің елде анимацияның дамымай тұрғандығының бір себебі, осы қаржы тапшылығынан деп айтсақ, дұрыс болар. Соған қарап, балаларға арналған анимациялық туындылар жасауға мемлекет тарапынан қол

Менің шетелдік және қазақстандық мультфильмдерді салыстыра отырып байқағаным, шетелдіктер айқай-шуға толы, шынайы өмірден алшақ тұрады. Біздің отандық балалар арнасы “Балапан”-да оларға орын жоқ деп ойлаймын. Оның орнына жоғарда көрсеткенімдей қазақтың тәлім- тәрбиеге толы, салт- дәстүрімізге толы, тарихымызды насихаттайтын мультфильмдер саны көбейсе екен деген барлық сыныптастарымның және өзімнің атымнан ұсынысым бар.

**Қолданылатын әдебиеттер:** Өз үйім теледидары. «Балапан» арнасы. Саралау, сипаттау, қорытындылау.

9

© 2026 Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.